

«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р.Т.Емелбаев

2023 ж



**«Агрономия негіздері» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы**

(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** 08110100 – «Агрономия» мамандығының 3W08110101 - «Егістік дақылдарды өсіруші», 3W08110102 – «Тұқым өсіруші», 4S08110103 – «Агроном» біліктіліктері, 08110200 – «Агрохимия» мамандығының 3W08110201 - «Зертханашы», 3W08110202 – «Топырақтанушы», 4S08110203 – «Агрохимик» біліктіліктері, 08110300 – «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығының 3W08110301 - «Көкөніс өсіруші», 3W08110302 – «Бақша дақылдарын өсіруші», 3W08110303 – «Жүзім өсіруші», 3W08110304 – «Жеміс өсіруші», 4S08110305 – «Жеміс-көкөніс өсіруші техник» біліктіліктері және 08110400 - «Өсімдіктерді қорғау және карантин» мамандығы, 3W08110401 – «Лаборант», 3W08110402 – «Өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі жұмысшы», 4S08110403 – «Өсімдікті қорғау және карантин жөніндегі техник» біліктіліктеріне арналған «Агрономия негіздері» пәні бойынша педагогтерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Егіншіліктің аймақтық ерекшеліктері	1	Өсімдіктер тіршілігіндегі негізгі факторлар Егіншілік заңдылықтары Ауыспалы егістер
2	Топырақ және оның қасиеттері	2	Топырақ және оның құнарлылығы Топырақ құрамы Топырақтың қасиеттері
3	Топырақты өңдеу	3	Топырақты өңдегенде жүргізілетін технологиялық процестер Топырақты негізгі өңдеу және оның тәсілдері Топырақты өңдеу жүйесі Жерді мелиорациялау
4	Тыңайтқыштар және оларды егіншілікте пайдалану	4	Органикалық тыңайтқыштар Минералды тыңайтқыштар

5	Егістік дақылдарды өсіру	5	Егістік дақылдардың жіктелуі және олардың биологиялық ерекшеліктері Дәнді дақылдар Дәнді бұршақ дақылдар Тамыр және түйнек жемісті дақылдар Майлы дақылдар Талшықты дақылдар Көп жылдық және бір жылдық малазықтық шөптер
		6	Егістік дақылдардың зиянды ағзалары және олармен күресу шаралары
6	Көкөніс және бақша дақылдарын өсіру	7	Көкөніс дақылдарының жіктелуі және олардың биологиялық ерекшеліктері Көкөніс дақылдарын көбейту Ашық және жабық алаңда көкөніс дақылдарын өсіру Бақша дақылдары
		8	Көкөніс және бақша дақылдарының зиянды ағзалары және олармен күресу шаралары
7	Жеміс-жидек және жүзім дақылдарын өсіру	9	Жеміс-жидек дақылдарының биологиялық ерекшеліктері мен морфологиялық белгілері Жеміс-жидек және жүзім дақылдарының көшеттіктері Жеміс ағаштарын өсіру технологиясы
		10	Жидек дақылдарын өсіру технологиясы Жүзімді өсіру технологиясы
		11	Жеміс-жидек және жүзім дақылдарының зиянкестері, аурулары және олармен күресу шаралары
Мәтінмәндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистика, сурет және т.б.).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Егіншіліктің аймақтық ерекшеліктері. Өсімдіктер тіршілігіндегі негізгі факторлар. Егіншілік заңдылықтары. Ауыспалы егістер.

Топырақ және оның қасиеттері. Топырақ және оның құнарлылығы. Топырақ құрамы Топырақтың қасиеттері.

Топырақты өңдеу. Топырақты өндегенде жүргізілетін технологиялық процестер. Топырақты негізгі өңдеу және оның тәсілдері. Топырақты өңдеу жүйесі. Жерді мелиорациялау.

Тыңайтқыштар және оларды егіншілікте пайдалану. Органикалық тыңайтқыштар. Минералды тыңайтқыштар.

Егістік дақылдарды өсіру. Егістік дақылдардың жіктелуі және биологиялық ерекшеліктері. Дәнді дақылдар. Дәнді бұршақ дақылдар. Тамыр және түйнек жемісті дақылдар. Майлы дақылдар. Талшықты дақылдар. Көп жылдық және бір жылдық малазықтық шөптер. Егістік дақылдардың зиянды ағзалары және олармен күресу шаралары.

Көкөніс және бақша дақылдарын өсіру. Көкөніс дақылдарының жіктелуі және биологиялық ерекшеліктері. Көкөніс дақылдарын көбейту жолдары. Ашық және жабық алаңда көкөніс дақылдарын өсіру. Бақша дақылдары. Көкөніс және бақша дақылдарының зиянды ағзалары және олармен күресу шаралары.

Жеміс-жидек және жүзім дақылдарын өсіру. Жеміс-жидек дақылдарының биологиялық ерекшеліктері мен морфологиялық белгілері. Жеміс-жидек және жүзім дақылдарының көшеттіктері. Жеміс ағаштарын өсіру технологиясы. Жидек дақылдарын өсіру технологиясы. Жүзімді өсіру технологиясы. Жеміс-жидек және жүзім дақылдарының зиянкестері, аурулары

және олармен күресу шаралары.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 2-2,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Жаңабаев. С.С.Арыстанұлов. Агрономия негіздері. Астана, Фолиант, 2010ж.

2. А.Өтешқалиев. Көкөніс өсіру технологиясы. Алматы. Білім. 2012.

3. Аяпов К., Үкібасов О., Есеналиева М. Жеміс, көкөніс шаруашылығы. Астана. Фолиант, 2009ж.

4. Жетпісбай Ж.Ж., Бекжан Р.С. Жеміс-жидек дақылдарын өсіру технологиясы. Астана. Фолиант, 2009ж.

5. Ашықбаев Н, Дүйсембекова Б., Ағыбаев А., Карбозова Р. Өсімдік қорғау. Астана, Фолиант. 2011ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігінің

Техникалық және кәсіптік білім

департаменті

 
(ҚОЛЫ) Т.А.Ә

« » 202 ж.









